

Қорытынды. Жеке адамның құқықтық мәртебесі — мемлекеттің демократиялық, құқықтық және әлеуметтік сипатын айқындайтын негізгі өлшемдердің бірі. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы адам мен азаматтың табиғи құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде танып, олардың қорғалуына мемлекеттік кепілдіктер белгілейді. Конституцияда бекітілген ережелер халықаралық-құқықтық актілердің қағидаларына сәйкес келеді және оларды ұлттық заңнамада жүзеге асыруға бағытталған. Адамның өмір сүру, ар-намыс пен қадір-қасиет, бостандық, жеке өмірге қол сұқпаушылық, тұрғын үйге және сот арқылы қорғалуға деген құқықтары – егемен мемлекеттің адамға деген құрметінің көрінісі болып табылады. Бұл құқықтар мен бостандықтарды сақтау мен қамтамасыз ету – тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның басты міндеті.

Сонымен қатар, құқықтық мәдениетті арттыру, азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын білуі мен қорғауға ұмтылуы – демократиялық қоғам дамуының кепілі. Осылайша, Қазақстан Республикасы Конституциясында орнықтырылған адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты құндылығы ретінде оның құқықтық және әлеуметтік негізін нығайтады.

Әдебиеттер.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Юрист, 2023.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Астана: Әділет министрлігі, 2022.
3. **Караев, А. А.** THE CONSTITUTIONAL COURT IS THE MOST IMPORTANT BODY FOR THE PROTECTION OF HUMAN AND CIVIL RIGHTS AND FREEDOMS: HISTORICAL AND LEGAL EXPERIENCE OF FOREIGN COUNTRIES. Scientific and Legal Journal «Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan». № 4(71), 2022. vestnik.zqai.kz
4. **Junussova, M. T.** Constitutional and legal aspects of protection of human and civil rights and freedoms in the Republic of Kazakhstan. BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. Vol. 147 No. 2, 2024. bullaw.enu.kz
5. **Idrysheva, S. K.** Implementation of the constitutional novel on the right of ownership of the people of Kazakhstan to natural resources. BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. Vol. 145 No. 4, 2023. bullaw.enu.kz
6. **Kalmaganbetova, D.** & Yessentemirova A. The constitutional court as a foundation of legal defense in Kazakhstan. BULLETIN of L.N. Gumilyov Eurasian National University Law Series. Vol. 151 No. 2, 2025.

МРНТИ 15.31.31 : 15.81.65

ӘОЖ 159.922.6

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОТБАСЫШІЛІК ҚАТЫНАСТАР ЫҚПАЛЫ

Мухамедали І., «Педагогика» кафедрасының оқытушысы
inzhumukhamedali@gmail.com

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация. мақалада жеткіншек және отбасы туралы жеке мәлеметтер. Сонымен қатар жеткіншектер мен отбасышылдық қарым – қатынастардың ерекшеліктері мен отбасындағы ішкі қатынас деңгейін анықтау үшін жүргізілетін әдістемелер, нығайтуға арналған жаттығулар ашып көрсетілген.

Түйінді сөздер. жеткіншек, ата – ана, қарым – қатынас, отбасы, тренинг.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі жолдауында «отбасы және бала институтын қолдау керек» деп көрсетілген. Балалар мен олардың отбасын қорғау керектігі және зорлық – зомбылық көрген отбасына, толық және толық емес отбасыларға баса назар аудару керектігі

жөнінде бағдарлама жасау қажеттігін айта кетті [1]. Жеткіншектердің отбасылық өмірде дұрыс тәрбие алуы мен нәтижелі білім меңгеруі олардың айналасымен қарым-қатынас орнатып жүйелі ерекшеліктерін қалыптастыруы маңызды мәселе. Сондықтан да бүгінгі күні отбасылық қарым-қатынас және отбасыдағы мәселелер ең өзекті тақырыптың бірі болып отыр. Қазіргі таңда елімізде отбасыдағы қарым-қатынасты өз балаларымен дұрыс қалыптастыра алмайтын, күнделікті күйбең тіршілігімен өздерінің балаларына немқұрайлы қарайтын ата-аналар жетерлік. Заманауи отбасылық қарым – қатынас мәселесі бойынша зерттеулер жүргізгендер қатарында А.Г.Волков, Ю.Г.Юркевич, П.П. Блонский, В.Дубровина, Қ.У.Биекенова, М.С.Әженова, Н.А.Айтенова сынды ғалымдар бар.

Отбасы дегеніміз өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын құндылықтарға ие жеке тұлғалар тобы. Бүгінгі таңда отбасы тарихы көптеген мыңжылдықтарды қамтиды, ең алғаш отбасын ғылыми түрде зерттеу ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан бастау алды. Алғаш зерттеушілердің қатарында Швейцария тарихшысы Иоганн Якоб Бахофен де бар. Ол ежелгі әдебиетті отбасы тарихының көзі ретінде талдады [2]. Э.Дюркгейм, М.Вебер, Е.Чернякпен қатар барлық әлеуметтік қарым-қатынаста отбасының көрініс табатынын О.Конт қарастырды. Э.Дюркгейм О.Конттың идеясын жалғастыра отырып отбасының қауымдық- ынтамақтастық жүйедегі маңызды рөлін атап өтті. Әлеуметтанудың әйгілі өкілі М.Вебер отбасының әлеуметтенуі үшін әлеуметтанулық талдаудың жемісті екенін зерттеді. Отбасы мен отбасылық тәрбие мәселесін қарастырумен А.М.Елемесова, А.Б.Голышова, Қ.А. Қабанова, Н.С.Есипова сынды қазақстандық ғалымдар да айналысқан [3].

Отбасының құрылымы, түрлері, типологиясы көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған және Н.Зубараева, М.Костенко, И.Дементьева және т.б зерттеушілер «толық» және «толық емес» отбасылардағы мәселелерді зерттеумен айналысқан. А.С. Макаренко отбасының құрылымына ерекше мән беріп, әкесі немесе анасы жоқ отбасы сипатын көре отырып, «толық» және «толық емес» отбасы ұғымдарын енгізді. А.С. Макаренко баланың тәрбиесі де, сәтті әлеуметтенуі де отбасының құрылымына байланысты деп айта кеткен. Ата – аналардың екеуі де немесе оларды алмастыратын адамдардың бірге тұратын және бала тәрбиесімен айналысатын отбасы құрамы ресми түрде толық отбасы болып табылады. Бұл ұғымға қосымша келесі параметрлер де қосылады:

- биологиялық ата – аналары ресми некелескен және бірге тұратын, бала тәрбиесімен бірлесіп айналысатын отбасылар;

- ата – аналары ресми түрде тіркелген қарым – қатынаста емес, дегенмен бірге тұратын және ортақ балалар тәрбиелеумен шұғылданатын отбасылар;

- ерлі-зайыптылардың біреуі биологиялық әкесі немесе анасы емес, дағанмен бірге тұратын және оларды тәрбиелеумен айналысатын отбасылар, яғни өгей әке немесе анамен тұратындар;

- ерлі – зайыптылар екеуі де заңды мәртебемен асырап алған немесе қамқорлыққа алынған балалары бар отбасылар.

Толық емес отбасы дегеніміз- анасы немесе әкесі мен оның баласы құрамынан тұратын мүшелер. Әкесі немесе анасы ресми түрде болмаса жалғыз басты ана немесе әке болып танылады. Мұндай отбасы сыртқы қалпымен әдепкі отбасыға ұқсағанымен психологтар оны толыққанды отбасы деп санамайды, себебі тұлғаның қалыпты үйлесімді дамуы үшін балаға анасының да, әкесінің де тәлімі маңызды. Ата – аналардың бір-бірімен қалай қарым – қатынас жасайтынын көріп бала ер мен әйел, ата – ана мен балалар арасындағы қарым – қатынас матрицасын алады. Әкесі мен анасынан жылулық сезімін және көңіл бөлгенін көрген бала ата – ана махаббатының толықтығын қабылдайды.

«Отбасы» тақырыбы бойынша заманауи зерттеулерге жүгінсек. Л.А.Соловьева отбасын зерттеудің келесі 7 бағытын анықтады: отбасы түрлері, отбасын қолдау, отбасы қиындықтары, отбасы мемлекет, отбасымен әлеуметтік жұмыс технологиялары, отбасының рухани – адамгершілік әлеуеті. Бұл бағыттар қоғамда заманауи даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Дамыған заманауи бағыттардың бірі отбасының девиантты мінез – құлқы және отбасылық өмірге моральдық дайындығы. Бұл бағыттар бойынша зерттеу жүргізгендер

ретінде А.Г.Волков, Ю.Г.Юркевич, П.П. Блонский, В.Дубровиналардың еңбектерін тауға болады. Заманауи отбасының мәселелерін қазақстандық ғалымдар да зерттеулеріне арқау етті, олардың қатарына Қ.У.Биекенова, М.С.Әженова, Н.А.Айтенова, С.Е.Жүсіпова, З.Ж.Жаназарова, Қ.Г.Ғабдуллина, Г.Т.Әлімбековалар кіреді. З.Ж.Жаназарова қазақстандағы отбасы институтын зерттеген және де қазіргі заманауи отбасын мазалайтын, жайсыздық тудыратын әлеуметтік мәселелерін анықтады.

Отбасының сипаты, құрылымы мен ерекшеліктері, сондай-ақ отбасыишілік қатынастардың баланың тұлға ретінде қалыптасуында алатын орны маңызды болып табылады. Отбасыдағы ата-аналардың қарым-қатынасы, ұстанымдары, тәрбиелеу моделі отбасыишілік қатынасты анықтайды, әсіресе жеткіншек жастағы балалардың өмірінде ерекше рөл атқарады. Адамның өмірлік жолында жеткіншектік жас кезеңіндегідей күрделі даму кезеңі кездеспейді. 11-15 жас шекарасын қамти отырып жеткіншек бала жаңа түзілістер мен өзгерістер үнемі орын алатын ортада даму үрдісін бастан өткереді және толық қалыптаспаған тұлға ретінде танылады. Бала «гормональды жарылысты» және ерекше дағдарысты басынан өткереді, ересектіктің белгілері көрініс таба бастайды. Аталмыш кезеңге тән жаңа белгілерге өзіне, қабілеттері мен сезімдеріне қызығушылығының артуы жатады және өзін басқалармен салыстыру, өзін – өзі бағалаудың тұрақсыздығы байқалады. Жеткіншектік кезеңге тән бірнеше анықтамаларды қарастыруға болады:

- жас ерекшелігіне қарай өзгерістің өрістеуі ерекше балалар;
- мүмкіндіктерінің құқықтық шектеулері бойынша кәмелетке толмағандар;
- ересек адамдарда бар құқығының жоқтығымен ерекшеленетін, өскелең балалар.

XVII ғасырға дейін жеткіншектік жас адамның өмір циклінде ерекшеленбеді, француз тарихшысы П.Арье «жеткіншек жас» жайлы ерекше сипаттаулар алғаш XIX ғасырда пайда болғанын болжайды. Бұл жастағы балалардың психикалық дамуы мен ерекшеліктерін түрлі бағытта шетел ғалымдары Ст.Холл, Э.Шпангер, Ш.Бюллер, Э.Штерн, В.Зенковский зерттеді.


1924 жылы «Жеткіншектер психологиясы» атты еңбегі жарық көрген неміс психологы Э.Шпрангер «жеткіншектік жас – мәдениетке ену жасы» екендігін атаған. Ш.Бюллер зерттеулерінде жеткіншектік кезеңді физикалық және жыныстық тұрғыдан өсу уақыты ретінде анықтайды және жыныстық жетілуді органикалық пен психикалық дамудың бірлігінде қарастырды. Э.Штерн бұл жасты тұлғаның қалыптасуының бір кезеңі ретінде сипаттаған. Ресейлік психолог В.Зенковский «жеткіншектер моральдық өмір тәртібіне қаныққан бала, ол кейде психологиялық және физиологиялық тұрғыдан ешнәрсеге икемі келмей, әлсіздік танытады»-, дейді. Л.С.Выготский мен Ж.Пиаже жеткіншектердің ойлау үрдісінің дамуын баса назарға алды. Л.С. Выготский жеткіншектердің өзін – өзі тануын әлеуметтік сана ретінде анықтайды [9]. Осы сипаттамалармен ерекшеленетін кезеңде отбасыдағы қалыптасқан ережелер мен тәртіп, орныққан «ата-ана- бала» қатынасы балалардың даму бағытын анықтайды. Оған отбасының түрі (толық немесе толық емес отбасы болуы), даму динамикасы, тәрбие стилі, ата-ана байланысының заңдастырылу жолдары жатады. Отбасыишілік қатынастарға баға беру үшін психолог мамандар нақтылы көрсеткіштерді ұсынады, атап айтқанда отбасылық қарым-қатынастың эмоциялық, зияткерлік, еріктік қатынастарын біріктіретін психологиялық коммуникабельділік. Осы көрсеткіштерді өлшеу немесе анықтау отбасының даму тенденциясы мен қаншалықты мәселелі екендігін көрсетеді.

Жеткіншектердің отбасыдағы тәрбиесі мәселесімен ресей ғалымдары Ю.П.Азаров, Ф.Я.Байков, Т.А.Куликов, А.Г. Харчев, П.Ф. Лесгфат, Т.В. Шеляг айналысты [4].

Жеткіншек балалар ата-аналарымен сапалы байланыс кезеңіне өтеді. Олардың келіспеушілік жағдайлары бірінші кезекте баланың өзін ересек сезінумен байланысты, яғни ересектік сезімнің бір қыры- ата- аналарына ақыл айтумен жалғасады. Ата- аналар тарапынан мұндай қатынас дұрыс бағаланбайды, бұл баланың өзін қажетсіз санауын үдетеді. Жеткіншек жастағы түрлі мінез көріністері орын алған жағдайда ата – ананың қолдауы барынша маңызды болып табылады. Жеткіншек жас балалық кезеңінен өтіп, ересектік өмірге қадам баспаған шақ болғандықтан, оларға ерекше диагностикалық әдістер мен түзету технологияларын

(тренингтер) қолдану орынды болып табылады. Осы орайда жеткіншектердің өзіндік бағалауын анықтауда Дембо - Рубенштейн әдістемесі, К. Томманың қақтығыстық жағдайларға реакция әдістемесі, IQ-ді іріктеу әдістемесі. Тұлға ретінде даму ерекшеліктерін және оның қасиеттерін зерттеуде Кеттел сауалнамасы, Бриеннің тұлғаны анықтау сауалнамасы (БТС), К.Леонгардтың мінезді анықтау сауалнамасы, депрессия шкаласы, «өмірде жоқ жануар» әдістемесі. Балалардың топпен араласу деңгейін зерттеу әдістемелеріне социметрия, референтометрия, Тимоти- Лиридің адамдар арасындағы қатынастар диагностикасы бар.


«Отбасылық мазасыздықты талдау (ОМТ)» сауалнамасы жеткіншектердің отбасыдағы ерекшеліктерін анықтау мақсатында жоспарланып, жүргізілді. Сауалнама арқылы жеткіншек жастағылардың отбасындағы өзіндік ішкі сезімін білуге бағдарландық. Респонденттерге сұрақтар тізімі берілді және бұл жерде дұрыс емес жауап жоқ. Жеткіншектер жауаппен келіссе домалақтайды, егер келіспесе «х» белгісін қояды, ал егер білмесе сұрақ белгісін қояды. М-мазасыздық, К-кінәлілік, А-алаңдаушылық мағыналарын беретін белгілеулер [5]. «ОМТ» сауалнаманың нәтижесі төмендегі кестеде бейнеленген:



Сурет 1 – «Отбасылық мазасыздықты талдау» сауалнаманың нәтижесі

Жалпы сауалнамаға қатысқан 17 жеткіншектің 5-еуі отбасыншілік мазасыздықты (29%), 5-еуі кінәлілікті (29%), 7-еуі алаңдаушылықты (41%) сезінетіні анықталды. Деректерге сай алаңдаушылық деңгейі басымдылығы отбасыдағы өзара қарым-қатынастың ерекшеліктерін айқындайды.

Келесі зерттеу әдісі ретінде арнайы жеткіншектер үшін жеңілдетілген «Депрессия шкаласы» әдістемесі жүргізілді. Мұнда максималды ұпай саны 39-ды құрайды, 9 ұпайға дейін депрессия белгілері жоқ екендігін білдіреді, 10-19 ұпай субдепрессия, 23 және одан жоғары ұпай ерекше депрессия көрінісі болып табылады. 10 – депрессия белгілері жоқ, 5– субдепрессия, 2 – депрессия. Зерттеуге қатысқан 17 жеткіншек баланың нәтижелері келесі кестеде беріледі:



Сурет 2 - «Депрессия шкаласы» зерттеудің нәтижесі

Жеткіншектерге отбасыишілік қарым-қатынастар жетілдіруге арналып жүргізілген тренингтер қатары:

«Қарым – қатынас» тренингі.

Мақсаты: жеткіншектер мен ата – аналардың байланысын нығайту.

Барысы: қатысушы әр жеткіншек пен ата – аналар өздерін таныстырып, өздері туралы айтады. Тренингте қолында микрофоны бар қатысушы ғана сөйлейді. Тренинг барысында басқа жеткіншектер неге қызығатынын біліп қана қоймай, ата – аналар үшін де өз балалары туралы жаңа мағлұмат алынады. Содан кейін тренер қарым-қатынастың өмірдегі мәні түсіндірілді.

Жаттығу: «Мен сенімен қарым – қатынас орнатқаныма қуаныштымын». Қатысушылар шеңбер болып тұрып, бір – бірінің иықтарына қолдарын қойып «Мен сізбен қарым – қатынас орнатқаныма қуаныштымын» сөзін жымып айтады. Келесі адам «Мен де» деп жымып жауап қайтарады. Осылайша тізбек болып кете береді. Тренинг соңында барлық қатысушылар рахмет айтып қол шапалақтайды.

Жаттығу: «Мен стресстен құтыламын». Жаттығуды орындау оңай әрі тез болып табылады. Жұмыс үшін парақ пен қалам қажет. Қатысушыларға әуен қосып сол әуен бойынша парақ бетін шимайлау ұсынылады. Парақ бетінде бос орын қалмауы қажет. Әуен тоқтағаннан кейін жеткіншектерге сол парақты мыжу нұсқаулығы беріледі. Содан кейін жеткіншектер парақты мыжып, барлық күштерімен қабырғаға лақтырады. Нәтижесінде жеткіншектер өз іштерінде болып жатқан ашу, стресстік жайыттан арыла алады.

Қазіргі таңдағы білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі дамыған, жан-жақты ізденпаз, шығармашылық дәрежеде жұмыс істей алатын, дүниетанымы жоғары, білімдік бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Осы жағдайға менің ұсынысым: отбасындағы ата-ана жеткіншектердің өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Жеткіншектің болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, берген тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата - ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, мейірімді, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Бұны тек қана ата - аналармен бірге жалпы күш-жігерімізді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт бағдар береді. Тоқ етері бала мектеп бітірген кезде, дайын бір маман иесі болып шығуы. Қорытындылай келгенде, ата анасыда өсіп келе жатқан баласының ақыл кеңесіне, заманауи тұрғыдағы ақыл кеңесіне біздің салт дәстүрімізге, дінімізге, қайшы келмитін тұсына бойысынуы тиіс! Жеткіншектердің ортада қалай ұстауы осы отбасыишілік қарым-қатынастан басталады.

Әдебиеттер.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2 Қыркүйек, 2019 ж.
2. **Калинина, Р.Р.** Введение в психологию семейных отношений - Петербург 2012 ж.
3. **Прохорова, О.Г.** Семейная психология и основы семейного консультирования - Москва 2011 ж.
4. **Жаназарова, З.Ж.** Қазіргі Қазақстандағы отбасы: жағдайы мен даму болашағы Әлеуметтанушылар VI съезінің материалдар жинағы - Астана 2018ж.
5. Эйдемиллер, Э., Юстицкис В. Психология и психотерапия семьи 7 4 – е изд. – СПб.:Питер, 2012. – 672 с.